

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Тіл-адам ойының айнасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.01.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/52101/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Біздің мақсатымыз — әрбір тұлғаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін үйрету, ұлттық құндылықтарымызды болмысына сіңіріп, туған тіл мен ата-мекенді қадірлеуге, ізгілік пен қайырымдылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Оқушы өз ойын, пікірін, көзқарасын ана тілінде еркін, дұрыс жеткізе білуі керек. Себебі, қоршаған ортада өзіңді қалай ұстай білуің, сөз мәнерің, сөзді саптауың, сөйлеу мәдениетің — бәрі өзіңе байланысты. Сондықтан әрбір айтар сөзіңді ойланып сөйлеу керек. Халықта мынадай бір жақсы сөз бар: «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі».

Біз оқушыларды қазақ тілінде таза, сауатты сөйлеуге, ойын ашық айтуға, тіл мәдениетін сақтай білуге, тіл тазалығы үшін күресуге, тіл байлығын дамытуға күш саламыз.

Тіл- ұлттың белгісі, халықтың мұрасы, дүние таным құралы. Халықтың жаны, сәні, болмысы да осы тіл арқылы көрінеді. Жастардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығы бірте – бірте артып келеді. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек».

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында белгілі бір тақырыптарға сәйкес жазылатын шығарма, ой толғау, эссе сияқты жазба жұмыстары да оқушылардың ойын дамытып, тілін байытады.

Оқушыларды әдеби тілде көркем, шебер сөйлеуге дағдыландыруға іскерлік ойынның рөлі үлкен. Іскерлік ойын арқылы оқушы болашақ өмірге бейімделіп, дұрыс сөйлеу нормаларын меңгеріп, тіл байлығы молайып, ой қорытуға қалыптасады, жақсы сөйлеу мүмкіндігі анықталады.

Қазақ тілі Өнеркәсіп пен техниканың, ғылым мен мәдениеттің және қоғамдық саяси өмірдің барлық саласын қамтып көрсететін лексикалық байлығымен, қалыптасқан жазу жүйесімен және сараланған стильдік нормаларымен тартымды тіл ретінде танылуда. Тіл қазынасының әліде болса інжу – маржанын теріп, тереңіне сүңгіп игеруді қажет ететін сан қырлы сыры бар.

Тіл – халықтың жаны, сәні дәлірек айтқанда, тұтастай – келбеті. Қазақ тілін теориялық әрі практикалық жағынан тереңдетіп оқытудың өзіндік ерекшелігі бар.

Тілдің дамуы қоғам дамуымен және сол тілді жасаушы, қолданушы халықтың дамуымен тығыз байланысты екені белгілі.

Қазақ тілі – ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға жеткен ұлы құбылыс. Сондықтанда қазақ тілі халқымыздың қайраткерлерінің марапатына, ұлы ақындар мен жыршыларының жыр арқауына айналған. Ұлы **Абай**:

Өткірдің жүзі, кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас,

Білгенге – маржан, білмеске – арзан,

Надандар баһра ала алмас, —

деп жырлайды. Тіл – адам баласын қазіргі өркениетке жеткізген ұлы күш.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.